

САНКЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«KAZ Minerals International DMCC» пен оның холдингтік және еншілес компаниялары («KAZ Minerals» тобы немесе «Топ») адал және басқарудың жоғары стандарттарын сақтай отырып, Топтың қызметін жүргізу міндеттемесін өздеріне қабылдайды. «KAZ Minerals International DMCC» Байқау кеңесі мен Директорлар кеңесі, Топ және оның басшылығы Біріккен Корольдіктің («Ұлыбритания»), Еуропа Одағының («ЕО»), Біріккен Ұлттар Ұйымының («БҰҰ») және Америка Құрама Штаттарының («АҚШ») Топқа қатысты қолданатын барлық санкциялық заңдары мен қаулыларын («Санкциялар туралы заңдар») сақтауға міндеттенеді. Топ Санкциялар туралы заңдарды әрдайым сақтады және Санкциялар туралы заңдар қатаңдатылған кезде оларды сақтау үшін бірқатар жыл бойы қатаң рәсімдерді қолданды. Осы Саясат Санкциялар туралы заңдарға қатысты Топтың қалыптасқан ұстанымын бір өтініште ресімдеуге арналған.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Осы Саясаттың талаптары Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне, KAZ Minerals Тобының барлық директорларына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне (тұрақты, уақытша және келісімшарт бойынша жұмыс істейтін), іссапарға жіберілгендерге, агенттік қызметкерлеріне, жеткізушілерге, кеңесшілерге, агенттерге, дистрибьюторларға, мердігерлерге және Топтың кез келген мүшесінің атынан іс-әрекет ететін кез келген басқа да тұлғаларға ("Жеке тұлғалар") қатысты қолданылады және Топ өзінің қызметін жүзеге асыратын барлық елдердегі барлық іскерлік операциялар мен транзакцияларға қолданылады.

МАҚСАТЫ

Осы Саясаттың мақсаты Санкциялар туралы заңдардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Санкциялар туралы заңдарды сақтамау Топтың адалдыққа деген беделіне нұқсан келтіреді, үшінші тараптармен арадағы қарым-қатынасқа залалын тигізеді және Топ пен Жеке тұлғалар үшін қылмыстық және азаматтық істер бойынша тергеулерге, айыппұлдар мен басқа да санкцияларға әкеліп соғуы мүмкін.

Осы Саясатты компания Хатшылығы өзектендіреді, «KAZ Minerals International DMCC» Директорлар кеңесі бекітеді және оның сақталуын жеке тұлғалардың немесе үшінші тұлғалардың Саясатқа қатысты кез келген сұрақтарына жауап беру, мониторинг жүргізу және оны енгізуді қамтамасыз етуге жауап беретін Бас Комплаенс-офицер қадағалайды.

САЯСАТ

Санкциялар – бұл белгілі бір үшінші тараптармен, елдермен, үкіметтермен іскерлік қарым-қатынастарды немесе бақыланатын тауарлар немесе қызметтердің қозғалысын шектейтін үкіметтер мен халықаралық органдар (БҰҰ сияқты) салатын шектеу шаралары. Олар белгілі бір елдермен, жеке тұлғалармен немесе компаниялармен жасалған мәмілелерге кең көлемде тыйым салу түрінде, сауда шектеулері (экспорт пен импортты бақылауды қоса), активтерді тоқтату және сапарға тыйым салу сияқты қаржылық санкциялар түрінде болуы мүмкін, және бұл шектеулердің табиғаты мен дәрежесі әр түрлі және кез келген уақытта ескертусіз өзгеруі мүмкін.

KAZ Minerals тобы Санкциялар туралы заңдарды сақтауға міндеттенеді. Біз мұндай

заңдарды бұзбаймыз және қызметімізді олардан жалтарып немесе бұзылуына ықпал етіп жүргізбейміз.

Біз санкциялық тәуекелді контрагенттермен мәмілелер жасамас бұрын санкциялардың бар-жоғын тексеруге арналған арнайы бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып, оларға кешенді және алдын-ала тексеру жүргізу арқылы басқарамыз. Біз тәуекелі жоғары аумақтарда тіркелген компаниялар сияқты қолданыстағы контрагенттерге одан әрі мерзімді тексеру жүргіземіз. Тексеру процесі қолданыстағы немесе жаңа контрагенттің, мысалы, активтерді бұғаттау объектісі болып табылатындығын немесе осындай шаралар қолданылатын тұлғаға тиесілі немесе бақыланатындығын анықтау үшін қолданылады. Сондай-ақ, біз кез-келген салалық, азық-түлік немесе технологиялық санкциялар қолданылуы мүмкін жеткізілім тізбегіндегі барлық өнімдерді тексереміз және санкциялардың сақталуын қамтамасыз ету үшін кез-келген осындай ұстанымдарды анықтауға көмектесетін жеткізушілермен жұмыс істейміз.

Үшінші тараптармен іс жүргізетін барлық жеке тұлғалар Санкциялар туралы заңдарды бұзу тәуекелдеріне қатысты қырағы болуға, оларды бұзбауға кепілдік беруі тиіс және қауіп дабылдарына ерекше назар аударуы тиіс. Санкциялар туралы заңдар қолданылатын тараптың қатыстылығын көрсететін күдік немесе дәлелдемелер болған кезде Жеке тұлға мұндай мәселе туралы Комплаенс-офицерге хабарлауы тиіс, ол қажет болған кезде Бас Комплаенс-офицерден кеңес алуы тиіс. Бас Комплаенс-офицер мен Корпоративтік хатшы қажет болған жағдайда, сырттан құқықтық кеңес алуы, не болмаса басқа адамдарға тапсыруы мүмкін.

Санкциялар туралы заңдардың компанияларға ғана емес, Жеке тұлғаларға қатысты *жекелеп* қолданылатынына назар аударыңыз, сондықтан Жеке тұлғалар оларға қатысты қолданылатын кез келген нақты санкциялар туралы хабардар болуға тиісті.

Бас Комплаенс-офицер мен Корпоративтік хатшы Санкциялар туралы заңдардың сақталуын қадағалайды және елеулі өзгерістер болған жағдайда Топқа хабарлайды. Бас Комплаенс-офицер нақты бір жағдайлар бойынша заңдық кеңестер мен ұсыныстар бере отырып және қауіп дабылдары бойынша тексерулер жүргізе отырып, белгілі бір аймақтарда сақталуы қажет бақылау құралдарын анықтайды және бекітеді. Ол қажеттігіне қарай тәуекелі жоғары өңірлердегі ерекше тәуекелдерді бағалауға жетекшілік етеді және кез келген нақты үрдістер мен бақылау құралдарын бақылайды.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әрбір Жеке тұлға осы Саясатпен танысуы тиіс және кез-келген мәселелерді түсіну және басшылыққа хабарлау үшін осы Саясатты ұстанатындығына көз жеткізуі керек. Жеке тұлғалардың осы Саясатты сақтамауы қолданыстағы заңнамаға және/немесе KAZ Minerals ішкі ережелері мен саясаттарына сәйкес тәртіптік немесе өзге де жазалау шараларына әкеліп соғуы мүмкін.

Осы Саясат мерзімді түрде қайта қаралып отыруы тиіс.

«KAZ Minerals International DMCC» Байқау кеңесі бекітті
2024 жылғы 25 маусым